

## Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері Қазақстан Республикасының азаматтығы мәселелеріне қатысты құжаттарды ресімдеу жөніндегі нұсқаулығын бекіту туралы

### Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің 2000 жылғы 21 қарашадағы N 263 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 30 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 1347. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысы - Сыртқы істер министрінің 2011 жылғы 19 қаңтардағы № 08-1-1-1/13 бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік хатшысы - Сыртқы істер министрінің 2011.01.19 № 08-1-1-1/13 (мемлекеттік тіркелу күнінен бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

Ескерту: Бұйрықтың тақырыбына және кіріспе бөліміне өзгертулер енгізілді - ҚР Сыртқы істер министрінің 2006 жылғы 23 қаңтардағы N 08-1/16 бұйрығымен

"Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" Қазақстан Республикасының заңына және Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 27 қыркүйектегі N 3120 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының азаматтығына байланысты мәселелерді қарау ережелеріне сәйкес бұйырамын: см. U 060198

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелерінің Қазақстан Республикасының азаматтығы мәселелеріне қатысты құжаттарды ресімдеу жөніндегі нұсқаулығы бекітілсін.

Ескерту: 1-тармақта өзгерту енгізілді - ҚР Сыртқы істер министрінің 2006 жылғы 23 қаңтардағы N 08-1/16 бұйрығымен .

2. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1997 жылғы 17 ақпанды N 262 болып тіркелген, 1996 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктерінің, консулдық мекемелерінің және өкілдіктерінің Қазақстан Республикасының азаматтығы мәселелеріне қатысты құжаттарды ресімдеу жөніндегі нұсқаулығының күші жойылған деп таңылсын .

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелу күнінен бастап күшіне енеді.

*Министр*

Қазақстан Республикасы  
Сыртқы істер министрінің  
2000 жылғы 21 қарашадағы  
N 263 бүйрігімен бекітілген

**Қазақстан Республикасының азаматтығы мәселелеріне  
қатысты құжаттарды Қазақстан Республикасының  
шетелдегі мекемелерінің ресімдеуі жөніндегі  
нұсқаулық**

Ескерту: Нұсқаулықтың тақырыбына өзгерту енгізілді; "дипломатиялық өкілдіктерімен және консулдық мекемелерімен", "дипломатиялық өкілдіктер және консулдық мекемелер", "консулдық мекемемен", "консулдық мекемелер", "консулдық мекеменің", "консулдық мекемеде", "консулдық мекеме", "консулдық мекемелермен" деген сөздер тиісінше "шетелдегі мекемелерімен", "шетелдегі мекемелері", "шетелдегі мекемемен", "шетелдегі мекемелері", "шетелдегі мекеменің", "шетелдегі мекемеде", "шетелдегі мекеме", "шетелдегі мекемелермен" деген сөздермен ауыстырылды; "Ережемен", "Ереже" деген сөздер "Ережелермен", "Ереже" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Сыртқы істер министрінің 2006 жылғы 23 қаңтардағы N 08-1/16 бүйрігімен .

## **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Нұсқаулық Қазақстан Республикасының Конституациясына , "Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 27 қыркүйектегі N 3120 Жарлығымен бекітілген, Қазақстан Республикасының азаматтығына байланысты мәселелерді қарау ережелерге (бұдан әрі - Ереже) сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы шетелдегі мекемелерінің қызметінде пайдалануға арналған. см. U060198

Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Сыртқы істер министрінің 2006 жылғы 23 қаңтардағы N 08-1/16 бүйрігімен .

2. "Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы мен Ережелеріне сәйкес шетелдік мемлекеттердің азаматтарын және азаматтығы жоқ адамдарды Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру және Қазақстан Республикасының азаматтарын Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығару адамдардың өтінішінің (арызының) негізінде шешіледі.

**Ескерту: 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Сыртқы істер министрінің 2006 жылғы 23 қантардағы N 08-1/16 бүйрығымен .**

**3. "Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының шет елдегі мекемелері :**

**Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұрақты тұратын адамдардан Қазақстан Республикасының азаматтығы мәселелері бойынша өтініштер қабылдайды және оларды қажетті құжаттармен бірге кейінірек Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына жіберу үшін Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне жолдайды;**

**Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұрақты тұратын адамдардың Қазақстан Республикасы азаматтығын жоғалтқандығын тіркейді;**

**Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұрақты тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарының есебін жүргізеді.**

**Шет мемлекеттерде Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері болмаған жағдайда, олардың міндеттерін Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары негізінде шет мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелері орындай алады.**

**Ескерту: 3-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Сыртқы істер министрінің 2006 жылғы 23 қантардағы N 08-1/16 бүйрығымен .**

## **2. Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы құжаттарды ресімдеу**

**Ескерту: 2-тaraу (4-9-тармақтар) алынып тасталды - ҚР Сыртқы істер министрінің 2006 жылғы 23 қантардағы N 08-1/16 бүйрығымен .**

## **3. Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу туралы құжаттарды ресімдеу**

**10. Ереженің 14 тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу туралы өтінішке (арызға) мынадай құжаттар қоса тіркеледі:**

**с м . U 0 6 0 1 9 8**

**1) осы Нұсқаулықтың 2-ші қосымшасына сәйкес нысан бойынша екі дана сауалнама - өтініш ;**

**2) өз бетінше жасалған нысандағы екі түпнұсқа өмірбаян;**

**3) 4x5 см. көлеміндегі үш сурет;**

**4) тууы мен некелесуі туралы күеліктердің көшірмелері;**

5) консулдық алымды төлегендігі туралы құжат.

Ескеरту: 10-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Сыртқы істер министрінің 2006 жылғы 23 қантардағы N 08-1/16 бұйрығымен .

11. Ереженің 7, 15 тармақтарына сәйкес сауалнама өтініштердің және өмірбаяндардың барлық даналарына өтініш беруші жасалған күнін көрсете отырып, қол қоюы тиіс. Егер өтініш беруші сауатсыздығына немесе кемтарлығына байланысты өтінішке қол қоя алмайтын болса, онда оның өтініші бойынша өтінішке басқа адам қол қояды, ол туралы Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемесі өтініште тиісті жазба жасайды.

12. Ереженің 16 тармағына сәйкес өтініш берушінің Қазақстан Республикасында зайыбы (жұбайы) немесе оның асырауында адамдар болған жағдайда, ол осы адамдардың өзіне материалдық және өзге де талаптары жоқ екендігі туралы нотариалды сипатта күеландырылған осы адамдардың өтінішін үсінады.

13. 18 жасқа толмаған, сондай-ақ белгіленген тәртіппен іс-эрекетке қабілетсіз деп танылған адамдардың Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуы туралы өтініші (арызы) Ереженің 6-тармағында көрсетілген тәртіппен беріледі.

Қажетті жағдайларда некені бұзу, ата-аналарының бірінің қайтыс болғаны, бала асырап алғаны, қорғаншылық пен қамқоршылық, ата-ана құқығынан айыру, алименттер төлеу туралы құжаттардың көшірмелері тапсырылады, оларды осы құжаттардың көшірмелерін қабылдаған шетелдегі мекеме куәландырады.

Ескеरту: 13-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Сыртқы істер министрінің 2006 жылғы 23 қантардағы N 08-1/16 бұйрығымен .

14. Ереженің 17 тармағына сәйкес егер екі ата-ана да Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылса және олардың бірі бір мезгілде кәмелетке толмаған баланың да азаматтықтан шығуы туралы өтініш беріп, Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығатын болса, онда Қазақстан Республикасының азаматтығынан баланың шығуына қатысты өзінің көзқарасын білдіруі тиіс екінші ата-ананың өтініші де табыс етіледі. Мұндай өтінішті шетелдегі мекеме күәландырады. см. U060198

15. 14 пен 18-ге дейінгі жастағы балаларға қатысты өтініш (арыз) олардың жазбаша келісімі болған жағдайда қабылданады, аталған жазбаша келісімді құжаттарды қабылдаған шетелдегі мекеме куәландырады.

Шетелдіктер асырап алған, Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын бала Қазақстан Республикасының азаматтығын өзі кәмелетке

Қазақстан Республикасы азаматтары асырап алған бала, асырап алушылардың екеуі де немесе асырап алушылардың біреуі Қазақстан Республикасының азаматтығынан шыққан жағдайда Қазақстан Республикасының азаматтығын өзі

кәмелетке толғанға дейін сақтайды.

Осы тармақтағы аталған баланың Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуына ол кәмелетке толғаннан кейін және оның тілегі бойынша ғана жол беріледі.

Ескеरту: 15-тармақ өзгертілді - ҚР Сыртқы істер министрінің 2002 жылғы 2 қазандағы N 08-1/47 бүйрекшімен .

16. Ереженің 34 тармағына сәйкес азаматтық мәселелер жөнінде өтініштерді ресімдеуді жүзеге асыратын шетелдегі мекеме осы Нұсқаулықта көрсетілген құжаттар мен материалдардан басқа өтініш берушіден іске қатысы бар басқа да құжаттарды талап етуге құқылы. Ұсынылған құжаттарда толық емес немесе дәл емес мәліметтер байқалған жағдайда, құжаттар толықтырулар, өзгерістер немесе түсініктемелер енгізу үшін өтініш берушіге қайтарылады.

Ескеरту: 16-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Сыртқы істер министрінің 2006 жылғы 23 қантардағы N 08-1/16 бүйрекімен .

17. Барлық құжаттар мемлекеттік не орыс тілінде жазылуы немесе мемлекеттік не орыс тілінде тиісті түрде куәландырылған көшірмесімен жабдықталуы тиіс.

18. Сауалнама - өтініштердің бланкілері өтініш берушілерге олар барлық талап етілетін күжаттарды усынған жағдайда ғана беріледі.

19. Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу туралы сауалнама - өтінішті берген кезде, өтініш берушілерге Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтудың құқықтық және өзге де салдарлары түсіндіріледі, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабының ережесі түсіндіріледі, оған сәйкес Қазақстан Республикасының азаматы болса, шетел мемлекетінің азаматтығы танылмайды, ол туралы сауалнама - өтініште белгі жасалады.

## **4. Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтқаны туралы құжаттарды ресімдеу**

20. Ереженің 30 тармағына сәйкес шетелдегі мекемелер Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтқаны туралы мынадай жағдайларда тіркеу жүргізді : с м . У 0 6 0 1 9 8

1) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының азаматына қатысты, оның басқа мемлекеттің әскери қызметіне, қауіпсіздік, полиция, әділет органдарына немесе мемлекеттік билік пен басқарудың басқа да органдарына қызметке түрғандығын растайтын құжаттар не басқа да сенімді мәліметтер бар болса. Бұл орайда, жұмысшы кәсіптері бойынша (жургізуші, слесарь, сыйыруышы, электрик

және тағы басқа) міндеттерді орындауға аталған органдармен еңбек шарттар жасасқан адамдар Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтпайды;

2) егер адам шетелде тұрақты тұрған үш жылы ішінде дәлелді себептерсіз консулдық есепке тұрмаса. Үшжылдық мерзім туралы ереже 16 жасқа толмаған адамдарға қолданылмайды. Уақытысында консулдық есепке тұрмаған Қазақстан Республикасы азаматтығын себептері дәлелді ме, жоқ па, оны шетелдегі мекеменің басшысы жағдайларға байланысты дербес түрде бағалайды;

3) егер Қазақстан Республикасының азаматтығын қасақана өтірік мәліметтер немесе жалған құжаттар ұсынудың нәтижесінде алғандығы анықталатын болса;

4) егер адам басқа мемлекеттің азаматтығын алған болса.

**Ескерту: 20-тармақ өзгертулер енгізілді - ҚР Сыртқы істер министрінің 2002 жылғы 2 қазандағы N 08-1/47 бұйрығымен, 2003 жылғы 17 шілдедегі N 08-1/90 бұйрығымен, 2006 жылғы 23 қаңтардағы N 08-1/16 бұйрығымен .**

21. Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" Заңының 37-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтығы оны жоғалтқандығын тіrkеген күннен бастап тоқтатылады.

Ереженің 31-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтуды тіркеу Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтқандығы туралы шешім қабылдаудың себептері мен негіздері туралы адамдар хабарландырылғаннан кейін ғана жүзеге асырылады. Бұл ретте, адамға мұндай шешімге шағым айту тәртібі түсіндірілуі тиіс.

**Ескерту: 21-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Сыртқы істер министрінің 2006 жылғы 23 қаңтардағы N 08-1/16 бұйрығымен .**

22. Тіркеу Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтқандығы туралы қорытынды жасау жолымен жүзеге асырылады, оған шетелдегі мекеменің басшысы қол қояды немесе оны бекітеді.

Қорытындыда азаматтығын жоғалтқан адамның аты (тегі, аты және әкесінің аты) туған күні мен жері, оның Қазақстан Республикасында тұрған-тұрмағандығы, Қазақстан Республикасынан қашан, қай жерден және қандай құжат бойынша сыртқа кеткендігі көрсетілуі, сондай-ақ олардың азаматтығын жоғалту негіздері мен қорытындының жасалған күні көрсетілуі тиіс . Қорытынды шетелдегі мекеменің ресми бланкісінде ресімделеді.

23. Консулдық есепте тұрған және Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтқан адамдар есептен шығарылады, ал олардың паспорттары жойылады. Осындаï адамдардың тілектері бойынша оларға тиісті анықтама берілуі мүмкін.

Азаматтығын жоғалтқандығын тіркеу үшін негіз қызметін атқарған құжаттармен бірге қорытынды Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің Құқық қорғау мен сот жүйелері мәселелері бөліміне тапсырылуы үшін Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне жіберіледі.

Қорытындының көшірмесі және азаматтығын жоғалтқандығын тіркеу үшін негіз қызметін атқаратын құжаттардың көшірмелері шетелдегі мекемеде 1 (бір) жыл бойы сақталады.

Ескерту: 23-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Сыртқы істер министрінің 2006 жылғы 23 қаңтардағы N 08-1/16 бүйрығымен .

## **5. Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру туралы құжаттарды ресімдеу**

24. Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру туралы құжаттарды ресімдеу Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы өтініштерді қарau үшін белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. Бұл орайда осы Нұсқаулықтың 4-тармағында көзделген құжаттармен қатар, Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру туралы өтінішке (арызға) өтініш берушінің Қазақстан Республикасының азаматтығына бұрынғы қатыстылығын куәланыстыратын және оның республика аумағында тұрақты тұргандығын растайтын (тууы туралы күәлік және тағы басқа) құжаттар қоса тіркеледі.

Ескерту: 24-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Сыртқы істер министрінің 2006 жылғы 23 қаңтардағы N 08-1/16 бүйрығымен .

## **6. Қазақстан Республикасының азаматтығына қатыстылығын анықтау**

25. Қазақстан Республикасының азаматтығына қатыстылығын анықтау үшін өтініш беруші адам шетелдегі мекемеге мынадай құжаттарды тапсырады:

1) Қазақстан Республикасының азаматтығына қатыстылығы туралы еркін нысанда жазылған өтініш ;

2) осы Нұсқаулықтың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша екі дана сауалнама - өтініш ;

3 ) 4 x 5 см . үш суреті .

Өтініш берушіде оның Қазақстан Республикасының азаматтығына қатыстылығын байланыстыратын мән-жайларды даусыз айғақтайтын құжаттар болған жағдайда, осы мәселе бойынша шетелдегі мекеменің басшысы дербес түрде шешім қабылдауды .

Өтініш берушіде тиісті құжаттар болмаған жағдайда, шетелдегі мекеме Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне екі түпнұсқа данада сұрапай салу жолдауды .

Сұрау салуда өтініш беруші хабарлаған мәліметтердің негізінде істің мәнісі, Қазақстан Республикасының азаматтығына қатыстылығы анықталып жатқан адам туралы егжей-тегжейлі деректер, оның өтініш берген кезіндегі азаматтығы,

отбасылық жағдайы, білімі, Қазақстан Республикасында туыстарының бар екендігі және олардың тұратын жері жазылады. Сұрау салуда, сондай-ақ өтініш берушінің бұрын Қазақстан Республикасында тұрғаны не тұрмағандығы, Қазақстан Республикасынан сыртқа кеткенге дейін қай жерде және кім болып жұмыс істегендігі, қашан, қай жерден және қандай құжат бойынша шетелге кеткендігі, Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы мәселе бойынша бұрын өтініш бергені не бермегендігі және оның өтініші бойынша қандай шешім қабылданғандығы, оның жеке басын куәландыратын Қазақстан Республикасының құжаты бұрын болғаны не болмағандығы, қазіргі уақытта оның жеке басы қандай құжатпен куәландырылатындығы көрсетіледі. Шетелдегі мекеменің сұрау салуына өтініш берушінің саулнама-өтініші қоса тіркеледі.

**Ескерту: 25-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Сыртқы істер министрінің 2006 жылғы 23 қаңтардағы N 08-1/16 бұйрығымен .**

26. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі тиісті мемлекеттік органдар немесе басқа да үйымдар арқылы өтініш берушінің Қазақстан Республикасының азаматтығына қатыстылығын тексеруді жүзеге асырады және қабылданған шешім туралы шетелдегі мекемеге хабарлайды.

Өтініш берушінің Қазақстан Республикасының азаматтығына қатыстылығы расталған жағдайда, шетелдегі мекеме оған Қазақстан Республикасы азаматының паспортын береді және консулдық есепке алады.

**Ескерту: 26-тармақ өзгертілді - ҚР Сыртқы істер министрінің 2003 жылғы 17 шілдедегі N 08-1/90 бұйрығымен .**

## **7. Қорытынды ережелер**

27. Өтініш берушінің материалдары бойынша шетелдегі мекеме қорытынды жасайды, онда өтініш берушілердің тегі, аты және әкесінің аты, олардың туыстық қарым-қатынастары; өтініш берушілер қолдау көрсетуді сұрап отырған балаларының тегі, аты, тұған күні мен жері көрсетіледі; істің мән-жайы, өтініштің мазмұны мен себептері, сондай-ақ өтініш берушінің арызының мәні бойынша шетелдегі мекеменің дәлелдемесі келтірілген пікір жазылады. Бір отбасының мүшелеріне ортақ қорытынды жасалады.

Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы өтініш бойынша қорытындыда, сондай-ақ өтініш берушінің Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға қоныс аударуға тілегі және оның қай жерде тұру ниеті барлығы **көрсетіледі**.

Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау не оның азаматтығынан

шығу туралы материалдар бойынша шетелдегі мекемелердің қорытындыларында өтінішті қанағаттандыру немесе оны қабылдамаудың орындылығын танудың себептері егжей-тегжейлі жазылады.

28. Қорытындыны шетелдегі мекеменің басшысы немесе оның орынбасарлары бекітеді.

29. Шетелдегі мекеме ресімделген материалдарды және екі данадағы өзінің қорытындысын Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне жібереді.

Өтініштер бойынша қабылданған шешімді түпкілікті орындағанға дейін өтініштер мен қорытынды материалдардың көшірмелері шетелдегі мекемеде сақталуы қажет.

30. Кеңселік атрибуттарды (шығасы нөмірі, күні мен белгісі) тікелей қорытындыда көрсету қажет.

31. Азаматтық мәселелер жөніндегі материалдарды шетелдегі мекеме ресімдеу мерзімі өтініш берілген күнінен бастап 1 (бір) айдан аспауы тиіс.

32. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі азаматтық мәселелер жөніндегі шешімдерді алғаннан кейін олар туралы екі апталық мерзімде материалдарды берген шетелдегі мекемелерге хабарлайды.

Азаматтық мәселелер жөнінде материалдар ұсынған шетелдегі мекемелер аталған шешімдерді алғаннан кейін екі апталық мерзімде өтінішті қараудың нәтижелері туралы өтініш берушілерді құлақтандырады.

33. Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылданған адамдар консулдық есепке алынады. Оларға Қазақстан Республикасы азаматының паспорттары беріледі.

Егер өтініш беруші басқа елде тұруға жол жүріп кетсе, шетелдегі мекеме бұл туралы Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне хабарлайды, соңысы шешімді орындауға қатысты шаралар қабылдайды.

34. Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау немесе оның азаматтығынан шығу туралы өтініш кері қайтарылған жағдайда, азаматтық мәселелер бойынша материалдар берген шетелдегі мекемелер өтініш берушіге анықтама береді, онда кім, қашан және қандай шешім қабылданғандығы көрсетіледі. Анықтаманың екінші данасы өтініш материалдарына тігіледі.

35. Ереженің 33 тармағына сәйкес азаматтық мәселелер бойынша қайталама өтінішті шетелдегі мекеме осы мәселелер жөніндегі бұрынғы шешімнен кейін бір жыл өтісімен қарауға қабылдауы мүмкін.

36. Әрбір жартыжылдықтың қорытындылары бойынша шетелдегі мекемелер Қазақстан Республикасының азаматтығы мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің шешімдерінің орындалуы туралы Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне ақпарат жіберді.

Ақпаратта шетелдегі мекеменің атавы, шешімнің нөмірі мен күні, оны кім қабылдағаны, өтініш берушілердің толық аты-жөні, шешім туралы олардың қулақтандырылған күні көрсетіледі.

37. Азаматтық мәселелер жөніндегі материалдарды ресімдеу кезінде консулдық алымдарды өндіріп алу тәртібі Қазақстан Республикасының салық заң на ма сымен р ет т е л е д і .

Ескерту: 37-тармақ өзгертілді - ҚР Сыртқы істер министрінің 2002 жылғы 2 қазандағы N 08-1/47 бұйрығымен .

Қазақстан Республикасының  
азаматтығы мәселелері бойынша құжаттарды  
Қазақстан Республикасының шет елдегі  
мекемелерінің ресімдеуі жөніндегі  
нұсқаулыққа

1-қосымша

Ескерту: Ескерту: 1-қосымшаның жоғары оң жақтағы бұрыштағы "1-қосымша" деген сөз "Қазақстан Республикасының азаматтығы мәселелері бойынша құжаттарды Қазақстан Республикасының шет елдегі мекемелерінің ресімдеуі жөніндегі нұсқаулыққа 1-қосымша" деген сөздермен ауыстырылды;

қосымшаға өзгертулер енгізілді - ҚР Сыртқы істер министрінің 2006 жылғы 23 қантардағы N 08-1/16 бұйрығымен .

## СУРЕТ

### Анкета - Өтініш

Менің Қазақстан Республикасының азаматтығымды қалпына келтіруді өтінемін.

#### СҰРАҚТАР ЖАУАПТАР

1. Тегі, аты, әкесінің аты
2. Сіз бұрын өзіңіз аталып келген барлық тегіңізді, атыңызды және әкеніздің атын санап шығыңыз, оларды қашан, қай жерде және қандай себеп бойынша өзгерттіңіз
3. Туған күніңіз, айыңыз, жылыңыз және жеріңіз: (село, қала, аудан, облыс, егер шетелде туылсаңыз, сол елді атаңыз)
4. Азаматтығыңыз
5. Үлтүңыңыз

6. Отбасылық жағдайының (некеде тұрамын, ажырасқанмын, жесірмін)
7. Бұрын Қазақстан Республикасының азаматы болған уақытта, Қазақстан Республикасының қай жерінен және қандай құжатпен кеттіңіз
8. Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіруіңізді туралы бұрын өтініш бердіңіз бе, егер солай болса, онда кім, қашан және қандай шешім қабылдады
9. Біліміңіз және біліміңіз бойынша мамандығының (қай жерде, қашан және қандай оқу орнын аяқтадының)
10. Жұмыс және оқу орнының
11. Сот тәртібімен қылмыстық немесе азаматтық жауапкершілікке тартылдының ба. Егер тартылсаңыз онда қашан, кім және не үшін тартты
12. Сіз Қарулы Күштерде қызмет атқардының ба, қашан және қандай әскерлерде қызмет еттіңіз. Егер Сіз шетел армиясында қызмет қызмет істесеңіз, оның қандай мемлекет екенін атаңыз
13. Қазақстан Республикасының азаматтығынан айрылғанға дейін Қазақстан Республикасында тұрақты тұрган мекен-жайыныңды көрсетіңіз
14. Еңбек жолыңыздың басынан бастап атқарған қызметіңіз (жоғары және орта оқу орындарындағы оқуды, әскери қызметті қоса алғанда
- Ескертпе:** Осы тармақты толтырған кезде мекеме, үйым және кәсіпорын Сіз жұмыс істеген кезіндегі қалай аталса, солай көрсету қажет. Әскери қызметіңізді лауазымыңызды және атағыныңды көрсете отырып жазыңыз. Шартты атауы бар кәсіпорынды (пошта

жәшігі және сол сияқтылар) осындай шартты атауымен көрсетіңіз. Әскери қызметті өткергендігі әскери билеттегі жазбаларға сәйкес көрсетіледі.

Айы мен жылы ! Мекемесі, ұйымы, ! Мекеменің, ұйымның  
! кәсіпорны көрсетілген ! кәсіпорынның  
! қызметі ! тұрғылықты орны  
!  
Кірген Кеткен !  
уақыты уақыты !

15. Сіздің жақын туыстарыңыз (күйеуіңіз, әйеліңіз, ата-анаңыз, бауырларыңыз, апа-қарындастарыңыз (сіңіллілеріңіз)

**Ескертпе:** Осы тармақты толтырған кезде Қазақстан Республикасында тұратын, сондай-ақ шетелде тұратын барлық туыстары көрсетіледі. Егер әйелі күйеуінің тегін алған болса, онда оның неке қиғанға дейінгі тегі де көрсетіледі.

Тұыстық ! Тегі, аты, ! Туған жылы! Жұмыс орны,! Орналасқан  
денгейі ! әкесінің аты ! мен жері ! қызметі ! елі,  
!  
!  
!  
! тұрғылықты  
!  
!  
!  
! мекен-жайы

16. Менімен бірге бір мезгілде кәмелетке толмаған балаларымды да (балаларымның да) Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіруді сұраймын

Н ! Тегі, аты, әкесінің аты ! Тұған күні, жылы ! Тұған жері  
р / с ! ! және айы !

1

2

3

4

5

6

17. Тегі, аты, әкесінің аты \_\_\_\_\_  
жұбайы 2000 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_ Қазақстан Республикасының  
азаматтығын қалпына келтіруге арналған  
18. Сіздің мекен-жайыңыз, телефон нөміріңіз \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтірудің құқықтық салдары маған түсіндірілді.

## Өтініш берушінің қолы

## 20 жылғы " "

Қазақстан Республикасының  
азаматтығы мәселелері бойынша құжаттарды  
Қазақстан Республикасының шет елдегі  
мекемелерінің ресімдеуі жөніндегі  
нұсқаулықта

## 2-ші-қосымша

Ескерту: 2-қосымшаның жоғары оң жақтағы бұрыштағы "2-ші қосымша" деген сөз "Қазақстан Республикасының азаматтығы мәселелері бойынша құжаттарды Қазақстан Республикасының шет елдегі мекемелерінің ресімдеуі жөніндегі нұсқаулыққа 2-ші қосымша" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Сыртқы істер министрінің 2006 жылғы 23 қантардағы N 08-1/16 бүйрыймен.

## **СУРЕТ АНКЕТА - Өтініш**

Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуға рұқсат берүінді

1. Тегі, аты, әкесінің аты

2. Сіз бұрын өзіңіз аталып келген барлық тегіңізді, атыңызды және әкеңіздің атын санап шығыңыз, оларды қашан, қай жерде және қандай себеп бойынша өзгертуіңіз

3. Туған күніңіз, айыңыз, жылдыңыз және жеріңіз: (село, қала, аудан, облыс, егер шетелде туылсаныз, сол елді атаңыз)

4. Үлтүңыз

5. Отбасылық жағдайыңыз (некеде тұрамын, ажырасқанмын, жесірмін)

6. Шетелге шығудың тікелей алдында тұрган мекен-жайыңыз

7. Тіркелген соңғы орныңыз

8. Соңғы жұмыс, оқу орныңыз

9. Біліміңіз және біліміңіз бойынша мамандығыңыз (қай жерде, қашан және қандай оқу орнын аяқтадыңыз)

10. Егер бұрын басқа мемлекеттердің азаматтығында (бодандығында) болсаңыз, қай жерде, қашан және қандай негізде Қазақстан Республикасының азаматтығын алғаныңызды егжей-тегжейлі көрсетіңіз

11. Сот тәртібімен қылмыстық немесе азаматтық жауапкершілікке тартылдыңыз ба. Егер тартылсаңыз онда қашан, кім және не үшін тартты

12. Мемлекеттің немесе заңды және жеке тұлғалардың алдында орындалмаған міндеттемелеріңіз бар ма

13. Еңбек жолыңыздың басынан бастап атқарған қызметіңіз (жоғары және орта оқу орындарындағы оқуды, әскери қызметті қоса алғанда)

**Ескертпе :** Осы тармақты толтырған кезде мекеме, үйым және кәсіпорын Сіз жұмыс істеген кезіңізде қалай

аталса, солай көрсете қажет. Әскери  
қызметіңді лауазымыңды және  
атағыңды көрсете отырып жазыңыз.  
Шартты атауы бар кәсіпорынды  
(пошта жәшігі және сол сияқтылар)  
осындай шартты атауымен көрсетіңіз.  
Әскери қызметті өткергендігі  
әскери билеттегі жазбаларға сәйкес  
көрсетіледі.

---

Айы мен жылы ! Мекемесі, ұйымы, ! Мекеменің, ұйымның,  
! кәсіпорны көрсетілген ! кәсіпорынның  
! қызметі ! тұрғылықты орны  
!  
Кірген Кеткен !  
уақыты уақыты !

---

---

---

14. Сіздің жақын туыстарыңыз (куйеуіңіз, әйеліңіз, ата-анаңыз, бауырларыңыз, апа-қарындастарыңыз (сіңілілеріңіз)  
**Ескертпе** : Осы тармақты толтырған кезде Қазақстан Республикасында тұратын, сондай-ақ шетелде тұратын барлық туыстары көрсетіледі. Егер әйелі күйеуіңің тегін алған болса, онда оның неке қиғанға дейінгі тегі де көрсетіледі.

---

Туыстық ! Тегі, аты, ! Тұған жылы ! Жұмыс орны, ! Орналасқан  
денгейі ! әкесінің аты ! мен жері ! қызметі ! елі,  
! ! ! ! ! тұрғылықты  
! ! ! ! ! мекен - жайы

---

---

---

15. Менімен бірге бір мезгілде кәмелетке толмаған балаларымды да Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығаруға рұқсат беруіңізді

сұрағынын

Н ! Тегі, аты, әкесінің аты ! Туған күні, жылы ! Туған жері  
р / с ! ! және айы !

1 .

2 .

3 .

4 .

5 .

6 .

16. Тегі, аты, әкесінің аты \_\_\_\_\_  
жұбайы 2000 жылғы "\_\_\_" Қазақстан Республикасының  
азаматтығына (-ын) қабылдауға (қалпына келтіруге) арналған  
құжаттарды ресімдеді /Иә/Жоқ/ (қажет емесін сзып тастаңыз).

17. Егер жұбайыңыз Қазақстан Республикасының азаматы(-шасы) болып  
табылмаса, онда оның азаматтығын көрсетіңіз \_\_\_\_\_

18. Қазақстаннан шыққан кезінізде әскери билет тапсырылған мекеменің  
атауы

19. Сіздің мекен-жайыңыз, телефон номірініз \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығудың құқықтық салдары  
маған түсіндірілді.

Өтініш берушінің қолы \_\_\_\_\_

20 \_\_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_